




СЫН-ПІКІРЛЕР / REWIEWS / РЕЦЕНЗИИ

Әзербайжан әдебиеттанушысы Әуезов жайында

А. Шәріп

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: sharipamantay@gmail.com)

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3141-146>



Received 18 August 2022. Revised 20 August 2022. Accepted 27 August 2022. Available online 30 September 2022.

Məmmədov-Tağısoy Nizami. Muxtar Auezovun yaradıcılığı: ənənədən novatorluğa. – Bakı: Şərq-Qərb, 2019. – 216 s. (Məmmədov-Tağısoy Nizami. Muxtar Әуезов шығармашылығы: дәстүрден жаңашылдыққа дейін. – Баку: Шәрқ-Ғәрб, 2019. – 216 б.)

For citation:

Sharip A. Azerbaijani literary critic about Auezov // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – №3. – P. 141-146. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-141-146>

Дәйексөз үшін:

Шәріп А. Әзербайжан әдебиеттанушысы Әуезов жайында // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №3. – 141-146 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-141-146>



Биыл туғанына 125 жыл толып отырған қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына жаңа тарихи-саяси көзқарастар және әдебиеттанудағы озық әдіснамалық қисындар тұрғысынан жан-жақты баға берудің қажеттілігі әлдеқашан пісіп-жетілді. Тағдыры күрделі қаламгер мұрасын бұрынғы кеңестік идеологиялық өлшемдер құрсауынан алып шығып, тыңнан таразылаудың мүмкіндігі туды. Оның көркем туындыларын туыстас түркі халықтарының сөз өнерімен және руханиятымен сабақтастыра қайта зерделеудің де маңызы зор.

Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы Низами атындағы Әдебиет институты Түркі халықтары әдебиеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері, Баку славян университеті Әзербайжан әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Низами Мәммәдов-Тағисой осы ыңғайдағы ізденістердің бастауында тұрған ғалымдардың бірі деп айтуға болады. Белгілі түркітанушы, аудармашы, ақын ретінде оның Әуезов тақырыбына тыңғылықты дайындықпен келгені байқалады. «Мұхтар Әуезов шығармашылығы: дәстүрден жаңашылдыққа дейін» атты іргелі монографиясын жазбас бұрын, ол жазушы туралы баспасөз беттерінде және ғылыми басылымдарда бірнеше мақала жариялағанымен қоса, «Қаралы сұлу» әңгімесін әзербайжан тіліне түпнұсқадан тәржімалаған. Мұның сыртында, Н. Мәммәдов-Тағисой – жалпы түркі халықтары әдебиеті мен фольклорының білгірі. Мысалы, ол қазақтың «Қобыланды» эпосын да түпнұсқадан өз тіліне жатық аударған, «Қарақалпақ әдебиеті», «Қарашай әдебиеті» кітаптарын жарыққа шығарған. Башқұрт, гагауз, қарайым, қырғыз, құмық, малқар, ноғай, өзбек, татар, т.б. түркі этностарының әдеби мұрасы жайында зерттеулер жүргізіп, қалам тербеген. Сөйтіп, ғалымның әдеби байланыстар, көркем аударма, компаративистика, фольклорлық дәстүр, түркі халықтарының қазіргі әдеби үдерістері бағыттары бойынша жиған білімі мен қорытқан тәжірибесі Мұхтар Әуезов туралы қомақты еңбек жазуына негіз қалағаны сөзсіз.

Монографияға дайындық барысында автор 150-ге жуық дереккөзге жүгінген. Кеңес заманында және тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген сүбелі ғылыми зерттеулерді салыстыра байыптаумен қатар, ол архив мәліметтерін, ресми құжаттарды, баспасөз материалдарын, интернет жарияланымдарын, естелік әңгімелерді ретіне қарай пайдаланған. Мәтінтану мәселесіне айрықша ден қойып, М. Әуезовтің көркемдік әлемін және суреткерлік машығын шығармаларының ішкі бітімі арқылы айқындауға тырысқан. Сонымен бірге, жазушының азаматтық ұстанымдарын, қайраткерлік әрекеттерін оның қаламгерлік қызметімен өрелестіріп баяндаған. Осының бәрі М. Әуезов тұлғасын терең саралауға, тұтас сомдауға жол ашып берген.

«Қазақтың ұлттық дүниетанымының Мұхтар Әуезов беллетристикасындағы көріністері» атты бірінші тарауда монография авторы ең алдымен жазушының шығармашылық тұрғыда қалыптасуының әлеуметтік-философиялық, теориялық-практикалық және әдеби-эстетикалық астарларына үңілген. Осы орайда М. Әуезовтің өскен ортасы, көрген тәлімі, мінез ерекшелігі, оқыған жері, қоғамдық мұраты, т.б. туралы пайымдар ғасырлар тоғысында қазақ даласын жайлаған түбегейлі өзгерістердің аясында қарастырылса, қаламгерлік жаңашылдығы қазақ әдебиеті дамуының өзгеше бір тың торабы, түйінді тұсы есебінде сараланады. Н. Мәммәдов-Тағисой 1920-1930 жылдардағы М. Әуезов прозасының басты үдерістеріне шолу жасап, оның «Қорғансыздың күні», «Қасеннің құбылыстары», «Бүркітші», «Барымта», «Жетім», «Оқыған азамат», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек», т.б. әңгімелерін көркем тартыс, психологизм қолданысы, баяндау тәсілі жағынан талдайды. Орыс әдебиеті үлгілерінен тамыр тартатын ерекше

әдеби қаһарман – «ұсақ адам» бейнесіне назар аударады. Жазушының бастапқы көркем туындыларының поэтикалық жүйесіне бойлап барып, оның ерекшеліктерін дәстүр мен жаңашылдық аясында ашып көрсетеді. М. Әуезовтің өзінен кейінгі шығармашылық буын өкілдеріне (Х. Есенжанов, Т. Әлімқұлов, Ә. Нұрпейісов, Ш. Мұртаза, т.б.) идеялық-тақырыптық және суреткерлік шеберлік тұрғысынан тигізген ықпалы жөнінде ой толғайды.

Монографияның «Қилы заман» романындағы тарихи оқиғалар бейнесі және кейіпкерлер галереясы» деп аталатын екінші тарауында М. Әуезовтің аталған шығармасы туралы егжей-тегжейлі сөз болады. Назар аударатын бір нәрсе: «Қилы заман» әуелгі басылымының мұқабасында жанры жөнінен «тарихи повесть» немесе «ұзын әңгіме» деп аталғанымен, кітапқа алғысөз жазған Ғ. Мүсірепов «роман» деп айдар таққан, ал бертіңгі зерттеушілер оны бірде повестьке, бірде романға жатқызады. Н. Мәммәдов-Тағисой кейінгі тұжырымды тұтынған. Монографияда жазушының 1916 жылғы Қарқара (Албан) көтерілісі тақырыбына не үшін көңіл бөлгендігі, тарихи деректерді қалай жиып-тергендігі жан-жақты қамтылып, романның жазылу жайы мұқият тәптіштеледі. Алғаш рет 1928 жылы жарық көріп, социологиялық солақай сынға ұшыраған туындысынан М. Әуезовтің абақтыдан босанып шығу үшін жария түрде бас тартуға мәжбүр болғаны айтылады. Араға ұзақ мерзім салып, жазушы дүниеден қайтқан соң – 1972 жылы Шыңғыс Айтматовтың ыждаһатының арқасында «Лихая година» деген атпен Мәскеуде шығатын «Новый мир» журналында (№6) орысша аудармасы, 1974 жылы «Жұлдыз» журналында (№8) цензураның сүзгісінен өткен қазақша түпнұсқасы басылған романның қазақ әдебиеті тарихындағы өзгеше құбылыс екендігі зерделенеді. Бұл шығарма М. Әуезовтің «Абай жолы» тетралогиясына соқпақ салардағы үлкен шығармашылық бір бекеті есебінде бағаланады. Зерттеуші автордың тарихи шындықты көркемдік тұрғыдан игеру жолдарын, романның сюжеттік желісін, композициялық құрылымын, кейіпкерлер әлемін, сондай-ақ уақыт пен кеңістік бірлігін (хронотоп) талдау нысанына айналдырған. Басқа ұлт әдебиеті мысалдарын келтіре отырып, олармен үндестігін және айырмашылығын сарапқа салған. Сөйтіп, ол әсіресе М. Әуезовтің өз романында ұстанған авторлық концепциясының ұлттық негіздеріне мән береді.

Н. Мәммәдов-Тағисойдың зерттеу еңбегінің «Мұхтар Әуезов драматургиясының жалпы сипаты: қарама-қайшылықты пайымдар және сыни көзқарастар қақтығысы» атты үшінші тарауы тұтастай жазушының пьесаларын қарастыруға арналған. Әзербайжандық ғалым ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде драмалық шығармалардың туу тарихына көз жүгіртіп, М. Әуезовтің осы бағыттағы алғашқы ізденістерін («Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», т.б.) өзге де қаламгерлердің, атап айтқанда, М. Дулатұлының, Ж. Аймауытұлының, Қ. Кемеңгерұлының, Ж. Шаниннің, С. Сейфуллиннің суреткерлік тәжірибесімен идеялық-тақырыптық тұрғыдан салғастыра отырып бажайлайды. Қазақ еліндегі алғашқы сахналық қойылымдар сипаты, кәсіби театр өнерінің қалыптасу барысы зерттеуші назарынан қағыс қалмаған. Ол М. Әуезовтің ә дегеннен әлемдік драматургияның үздік үлгілерінен үйреніп, өз туындыларын ұлттық мазмұнмен байытқанын және олардың өзегіне халық әдебиетінің төл жанрларын (айтыс, жар-жар, беташар, шешендік сөз, мақал-мәтел, т.б.) шебер кіріктіргенін сипаттайды.

Монография авторы заңғар жазушының бәрінен бұрын қазақ халқының елдігі мен ерлігі, тіршілігі мен тағдыры суреттелген туындыларына көбірек көңіл бөледі. Сол себепті М. Әуезовтің тарихи драмаларының ұлттық мәнін және көркемдік мәйегін қарастыруды өз жұмысының маңызды арқауы деп санайды. Осы орайда Н.

Мәммедов-Тағисой қазақтарды майданның қара жұмысына апарып жегу туралы патша жарлығынан соңғы ұлт-азаттық көтерілістің жай-жапсары бейнеленген «Түнгі сарын» пьесасының, Ресей империясының отарлық саясатына қарсы қол бастаған сұлтан – Кенесары Қасымұлының және оның сарбаздарының тұлғалары кейіптелген «Хан Кене» трагедиясының, тәуелсіздік жолындағы күрестің тағы бір құрбанына айналған Бекет Серкебайұлының қаһармандығын баяндайтын «Бекет» драмасының жазылу және жариялану, сондай-ақ сахналану тарихын сөз етіп, олардың сюжеттік арналарын, образдық жүйелерін, басқа да көркемдік компоненттерін жан-жақты талқыға салады. «Айман-Шолпан» комедиясын талдағанда, қазақтың патриархалдық өмір салтын сол тұстағы тарихи оқиғалармен байланыстыра бедерлейді.

М. Әуезовтің замандас жазушылары – Әлжаппар Әбішевпен («Намыс гвардиясы»), Ғабит Мүсіреповпен («Қынаптан қылыш»), Сәбит Мұқановпен («Ақан-Зайра»), Әбділда Тәжібаевпен («Ақ қайың») бірлесіп жазған драмалық шығармалары бар екені белгілі. Н. Мәммедов-Тағисой өз зерттеуінде бұлардың әрқайсысына тоқталып жатпастан, ғұлама жазушының темірқазық тақырыбына арналған, орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірлесіп жазған «Абай» трагедиясын тілге тиек етеді. Әрі бұл шығарманы әзербайжанның атақты ақыны Сәмәд Вурғунның «Вагиф» атты тарихи драмасымен салыстыра қарап, ұқсастықтары мен ерекшеліктері жөнінде пікір білдіреді.

Кітаптың қорытынды бөлімінде Н. Мәммедов-Тағисой: «М. Әуезовтің шығармаларын зерттеу мен талдау барысында біз кеңес дәуірінде жазушының жеке басы, дүниетанымы, шығармашылық ерекшеліктері философиялық-эстетикалық және әлеуметтік-көркемдік тұрғыдан дұрыс әдіснамаға сүйеніп зерттеле қоймағандығына көз жеткіздік. Объективті көзқарас айтып, шындықтың астарын ашу үшін мәтіндердің өзін, сонымен қатар кеңестік және посткеңестік кезеңдегі сыни әдебиетті зерделедік, бұл Мұхтар Әуезовтің қаламгерлік даралығы туралы тұтас түсінік қалыптастыруға керек болды», – деп жазыпты. Сөйтіп, монография авторы жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында әзербайжан елінің қалың оқырман қауымына мол мағлұмат ұсынған.

Түйіндей келгенде, профессор Н. Мәммедов-Тағисойдың бұл монографиясын М. Әуезовтің бай әдеби мұрасын күллі түркі әлемінің тарихи және көркем ой жүйесінің контекстінде зерделеп, оның ортақ рухани қорына сыналап енгізу жолындағы алғашқы игі қадамдардың бірі деп бағамдай аламыз.

A. Sharip

*L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan
(E-mail: sharipamantay@gmail.com)*

Azerbaijani literary critic about Auevov

Summary of the review. The monograph of the Azerbaijani literary critic and Turkologist Nizami Mammadov-Tagisoy «Mukhtar Auevov: from tradition to innovation» is devoted to the problems of studying the work of the great Kazakh writer M. Auevov. This work is the result of rigorous analysis and active rethinking of the texts of the classic works of the unsurpassed master of the pen in the context of historical, moral and aesthetic concepts of our time. As a connoisseur of Kazakh literature and folklore, a translator of Auevov's story «Beauty in Mourning» into Azerbaijani and as the author of a number of articles about M. Auevov,

N. Mammadov-Tagisoy the author refers in his research to scientific publications not only from the Soviet but also from the post-Soviet period, and also relies on archival material and official documents.

If in the first chapter of the monograph the scholar describes the conditions and factors for the formation of M. Auezov's creative personality considers the ideological, thematic and artistic originality of his early stories ("The fate of the defenseless", "Orphan", "Marriage", "In the shadow of the past", "Grey Fierce", etc.), then in the second chapter he analyzes the ways of reflecting the events of the Karkara (Albanian) uprising of 1916 in the masterpiece novel "The Hard Time", which was on the list of banned literature and was only republished in Russian and translation in 1972. The dramatic works of M. Auezov are the object of the third chapter of the research book, in which the focus is on the analysis and reassessment of the historical tragedies «Night Peals», «Khan Kene», «Beket». A comparative analysis of poetic features (author's idea, type of conflict, compositional structure, imagery system, etc.) of the plays «Abai», written in collaboration with L. Sobolev, and «Vagif» by the Azerbaijani poet-dramatist S. Vurgun was carried out.

It is that N. Mamedov-Tagisoy's monograph will give new impetus to the research and popularization of the creative heritage of M. Auezov – the author of the famous epic novel «The Way of Abai» – in the context of the development of historical and artistic thought in the Turkic world.

А. Шарип

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Республика Казахстан
(E-mail: sharipamantay@gmail.com)*

Азербайджанский литературовед об Ауэзове

Краткое содержание рецензии. Монография азербайджанского литературоведа и тюрколога Низами Мамедова-Тагисой «Мухтар Ауэзов: от традиции к новаторству» посвящена проблемам изучения творчества великого казахского писателя М. Ауэзова. Исследование является результатом скрупулезного анализа и активного переосмысления текстов классических произведений непревзойденного мастера пера сквозь призму исторических, нравственных и эстетических концепций современности. Будучи знатоком казахской литературы и фольклора, переводчиком ауэзовского рассказа «Красавица в трауре» на азербайджанский язык и автором ряда статей об М. Ауэзове, Н. Мамедов-Тагисой в своих изысканиях апеллирует к научным публикациям не только советского, но и постсоветского периода, а также опирается на архивные материалы и официальные документы.

Если в первой главе монографии ученый описывает условия и факторы формирования творческой личности М. Ауэзова, рассматривает идейно-тематическое и художественное своеобразие его ранних рассказов («Судьба беззащитной», «Сирота», «Женитьба», «В тени прошлого», «Серый Лютый» и др.), то во второй главе он подвергает анализу драматические события Каркаринского (Албанского) восстания 1916 года, которые нашли отражение в романе М. Ауэзова «Лихая година», попавшего в список запрещенной литературы и переизданного только в 1972 году в русском переводе.

Драматические произведения М. Ауэзова стали объектом исследования третьей главы книги, в которой особое внимание уделяется анализу и переоценке исторических трагедий «Ночные раскаты», «Хан Кене», «Бекет». Выигрышным в монографии является проведение сравнительного анализа поэтических особенностей (авторский замысел, тип конфликта, композиционный строй, система образов и др.) пьесы «Абай», написанной М. Ауэзовым в соавторстве с Л. Соболевым, и пьесы «Вагиф» азербайджанского поэта-драматурга С. Вургуня.

Будем надеяться, что монография Н. Мамедова-Тагисой даст новый импульс исследованию и популяризации творческого наследия М. Ауэзова – автора знаменитого романа-эпопеи «Путь Абая» – в контексте развития исторической и художественной мысли тюркского мира.

Автор туралы мәлімет:

Шәріп Амантай Жарылқасынұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, түркітану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.

ORCID – 0000-0002-7750-2741

Information about author:

Sharip Amantay Zharylkasynuly, Doctor of Philology, Professor, Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

ORCID – 0000-0002-7750-2741

Сведения об авторе:

Шарип Амантай Жарылқасынұлы, доктор филологических наук, профессор, кафедра тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Нур-Султан, Республика Казахстан.

ORCID – 0000-0002-7750-2741